

С. Дарбаев, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Б. А. Жақыпов, қылмыстық процесс кафедрасының
доценті, заң ғылымдарының кандидаты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

АДВОКАТТЫҢ СОТ ТЕРГЕУІНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ

Адвокат-қорғаушының сәтті қызметінің кепілі болып сот тергеуіне қатысуға мұқият дайындығымен байланысты.

Дәстүрлі тәжірибедегі адвокаттар дайындық жұмысының негізгі элементтеріне келесілерді жатқызады: іспен танысу (істі тексеру, қосымша тергеу жағдайларын зерттеу, істі оқу, істен көшірмелер алу); дәлелдемелерді зерттеу (оларды іске қатыстылығын, жіберілетілігін, растылығын және жеткіліктілігін бағалау); адвокаттық досьені құру (оған істің барлық көшірмелері мен хаттамаларын және қаулылардың көшірмелерін, сонымен қатар қорғауға қатысты өз құжаттарын қосу және т. б.); сотталушымен әңгімелесу және іс бойынша өз ұстанымын дайындау; өтініштерді дайындау; қорғау материалдарын талап ету; мамандардың баламалы қорытындыларын дайындау; сотқа ұсыну үшін жаңа дәлелдемелерді алып, оларды рәсімдеу; басқа адвокаттармен қорғаудың ұстанымымен келісу.

Дайындық процесінде, әсіресе адвокат қылмыстық іске бірінші рет қатысып отырса ең маңыздысы іс материалдарымен танысу болып табылады. Бұл әрекет алдын ала тергеуде жіберілген кемшіліктерді, процессуалдық заң бұзушылықтарды, фактілік келеңсіздіктерді, дәлелдемелердегі қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Өз ұстанымын негіздеуге қолданылатын барлық дәлелдемелерді шартты түрде аргумент деп атауға болады және олардың келесі түрлерін ажыратып айтуға болады: толық («сендірерлік», мысалы сарапшының нақты қорытындысы), басты (біздің ойымызша, кінәлі немесе кінәсіздігінің тікелей дәлелдері), даулы (оларды екі мағынада түсіндіруге болады, біз оларды бейтарап деп атағанды жөн көрдік), қосымша («тосын жағдайларға» қалдырылған дәлелдемелер). Сәйкесінше, барлық дәлелдемелердің жиынтығы бүкіл жүйенің сенімін арттырады.

Мысалы, алиби классикалық баламалы дәлелдеменің актісі болып саналады, онда бір оң шешімі бар аргументтен іске жағымсыз шешім қабылданады. Бәсекелестік, даралы, функционалды, генетикалық, жекешелендіретін, болмыс пен құбылыстың байланысының

негізінде құрылады. Бәсекелестік байланыста адвокат өзінің болжамдарға қарсы дәлелдерін сәтті қолданылады.

Айыптаудың біржақты болжамын ескере отырып, қорғаушы-адвокат оны модельдеп, сол болжамның әрі қарай іске қатыстылығын тексеруі қажет. Іс жүргізу барысында немесе сот тергеуінің сот әрекетіне қатысу нәтижесінде жаңа дәлелдемелер туындайды немесе алдын ала тергеу барысында жиналған дайын дәлелдемелер зерттеледі.

Сотталушымен әңгімелесу барысында адвокат келесі стратегияны жүзеге асырады.

Ұстанымынанықтау және оны нақтылау егер де ол құрылған болса. Айыптаудың да, қорғаудың да дәлелдерін бірігіп талдау. Сотталушыны оған қойылуы мүмкін тікелей және тұс-тұстан жауап алуға дайындау. Егер де ол өзіне-өзі жала жауып отырса, оның себептерін анықтау.

Адвокаттың сот әрекеттеріне қатысудың қажетті элементтерінің бірі болып өтініштерді беру болып табылады. Себебі, ол сот тергеуін (қорғау тарабының куәсін шақыру, сараптама тағайындау, сарапшыдан жауап алу, маманның қатысуы және т.б.) жүргізу мүмкіндігін туындатады. Сот тергеуіне дайындық барысында жиі және ол процестің барысында сирек — өтініштер беріледі, бірақта ол өтініштер сот әрекеттерін жүргізудің қажеттілігіне әкеп соғады.

Қорғау материалдарын талап ету, жаңа дәлелдемелерді алу және оларды қылмыстық іс шегінде сотқа ұсынуға рәсімдеу екіталай. Бұл жерде қорғаушымен дәлелдемелерді өздігімен жинау кезінде адвокаттық сұрауларды орындау барысындағы кемшіліктердің орны толтырылуы мүмкін.

Айыптау тарабының бастамашылығымен жасалынған сараптаманың қорытындысын талдау барысында маманды тартудың қажеттілігі туады. Адвокат маманды алқабилер алқасын таңдау кезінде шақыртуы мүмкін, алайда мұнымен адвокат-қорғаушының маманның кеңес беру көмегін пайдалануымен шектелмейді. Адвокат сарапшының қорытындысын бағалай алады, атап айтсақ сараптама тағайындау туралы қаулысын, тек қана арнайы маманның білімін талап етпейтін белгілері бойынша (мысалы, сараптаманы тағайындау кезінде қылмыстық іс жүргізу тәртібін сақтау, тиісті сараптама, сараптамалық зерттеуді талап ететін үлгілерді ҚР ҚІЖК талаптарын сақтай отырып алу, сараптама қорытындысының құрылымы мен нысанының талаптарының сақталуын, сарапшының қорытындысының қылмыстық іске жатқызылатынын, сарапшының берген қорытындысының қолда бар дәлелдемелерге қарама-қайшылығын және т. б.).

Жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша маманның көмегін пайдалану адвокаттың қатысуын сараптаманы тағайындаумен оның қорытындысын бағалауда мейілінше әсерлі етеді. Қорытындыда маман дәлелді жауаптарды құруы мүмкін және олар бойынша жауап алынуы мүмкін. Маманның алдында қойылған сұрақтар, сарапшының (сарапшылардың) берген қорытындысының мәнісіне қатысты болуы мүмкін.

Басқа адвокаттармен қорғау ұстанымымен келісу дәлелдеу базасын талдау бойынша фактілік және заң қателіктерін, өзіне-өзі жала жабудың жағымсыз салдарын жұмсартуға мүмкіндік береді. Дәлелдемелерді зерттеу барысында тактикалық әдістерді құру сот тергеуіне қорғаушының дайындық жұмысының негізгі мазмұнын құрады.

Осылайша, сот тергеуіне қатысудың, заңдық және тактикалық аспектілерді өзіне қоса отырып, мақсатты және мазмұнды дайындығы тек сот қорғауының ғана емес, жалпы қорғаудың нәтижесінің сәтті аяқталуының негізін құрайды.